



**ГАНДБОЛШЫ
ҚЫЗДАР
ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА
ЖОЛДАМА АЛДЫ**

→3



**ТҰЛҒАМЫЗДЫ
АРДАҚТАЙ
АЛМАДЫҚ...**

→6



**ЕЛ НАМЫСЫН
ҚОРҒАҒАНДАР
КЕЗ КЕЛГЕН
ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ**

→8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz

№48-49 (5400)
22 желтоқсан 2022 жыл

Газет бейсенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru



АРГЕНТИНА – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!



■ **АРГЕНТИНА ҚҰРАМАСЫ ҚАТАРДА
ӨТКЕН ӘЧ-2022 ФИНАЛЫНДА ФРАНЦИЯ
КОМАНДАСЫНАН БАСЫМ ТҮСІП, ҮШІНШІ
МӘРТЕ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ.**

→4-5

**ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ НӨМІРІ
27 ЖЕЛТОҚСАНДА ШЫҒАДЫ**

БАСПАСӨЗ-2023



Мырзағали АЙТЖАНОВ,
бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»		1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу					
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25 464,87	1338,75 1394,61	2677,50 2789,22	5355,00 5578,44	Қала Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25 704,87	2058,75 2114,61	4117,50 4229,22	8235,00 8458,44	Қала Аудан/ауыл
«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	



МАҢЫЗДЫ ЖҮЛДЕ

КАНАДАНЫҢ КАЛГАРИ ҚАЛАСЫНДА КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУДЕН ӘЛЕМ КУБОГІНІҢ ТӨРТІНШІ КЕЗЕҢІНІҢ ЕКІНШІ КҮНІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ НАДЕЖДА МОРОЗОВА 1500 МЕТР ҚАШЫҚТЫҚТА МӘРЕ СЫЗЫҒЫН ҮШІНШІ БОЛЫП КЕСТІ.

Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметі ұсынған мәліметке сүйенсек, аталған жарыста отандасымыз 1000 метрге жарысуда биылғы Бейжің Олимпиадасының чемпионы жапониялық Михо Такаги мен дәл осы қашықтықтағы қола жүлдегер нидерландтық Антуанетта де Йонгке есе жіберіп, Әлем кубогі жарысының қола жүлдесіне қол жеткізді.

Надежда осыдан тура бір апта бұрын дәл осы Калгариде өткен Әлем кубогінің үшінші кезеңінде 1500 метрде мәре сызығын Михи Такагиден кейін кесіп, күміс жүлдені иеленген болатын. Қола медаль Антуанетта де Йонгке бұйырған еді. Әлем кубогінің бесінші кезеңі 2023 жылдың 10-12 ақпаны аралығында Польшаның Томашув-Мазовецкий қаласында өтеді.

ЖОҒАРЫ ДИВИЗИОНҒА ШЫҒА АЛМАДЫ

ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙДЕН НОРВЕГИЯНЫҢ АСКЕР ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ I ДИВИЗИОНДАҒЫ А ТОБЫНЫҢ ОЙЫНДАРЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ.



Александр Истомин жаттықтыратын Қазақстан құрамасы А тобының соңғы матчында жарыс қожайыны Норвегия хоккейшілеріне 5:3 есебімен жол беріп, әлем чемпионатының топ-дивизионына жолдама ала алмады. Бұл матчта Норвегия құрамасы сапынан Петтер Вестерхейм (15-минут), Габриэль Кох (23), Лео Хальмраст (31), Михаэль Брандсегт-Нюгар (36) және Исак Хансен (53) гол соқса, қазақстандық хоккейшілерден Алдияр Нұрлан (32-минут), Даниил Цыбин (37) және Роман Ермак

(56) мергендігімен көзге түсті. Осылайша, топтағы барлық бес кездесуде жеңіс тойын тойлаған Норвегия хоккейшілері 15 ұпаймен бірінші орынға ие болып, жоғары дивизионға жолдаманы жеңіп алды. Үш ойында жеңіске жетіп, екі матчта қарсыластарына жол берген Қазақстан жастар құрамасы екінші орынға ие болды. Атап айтқанда, жерлестеріміз Словения (4:2), Дания (4:0) және Мажарстанды (3-2) жеңсе, алғашқы ойында күтпеген жерден Франция құрамасына (2:0) есе жіберді.



СЕНИМДІ ЖЕҢІС

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕН АҚШ-ТЫҢ ЛАС-ВЕГАС ҚАЛАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН UFC FIGHT NIGHT КЕШІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ФАЙТЕР СЕРГЕЙ МОРОЗОВ (19-5) АТАЛҒАН ҰЙЫМДАҒЫ ҮШІНШІ ЖЕҢІСІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.

Жекпе-жек кешінің шымылдығын 33 жастағы жерлесіміз С.Морозов пен жергілікті спортшы Джурни Ньюсон (10-4-0-1) ашып берді. Үш раундқа жоспарланған алғашқы айқаста жерлесіміз қарсыласына қарағанда дәл соққыларды көп жұмсап, нәтижесінде үш төреші де жеңісті бірауыздан отандасымызға берді – 30-27, 29-28, 29-28. Бұл – Сергейдің UFC

ұйымындағы үшінші жеңісі. Бұған дейін ол бес айқаста қарсыласынан жеңілген еді. Өкінішке қарай, UFC-де өнер көрсететін Орынбордың қазағы Дамир Исмағұлов (24-2) бұл кеште жеңіліп қалды. Әлемдік рейтингте тоғызыншы орында тұрған Арман Царукянмен (19-3) жұдырықтасқан Дамир үш төрешінің бірауыздан шығарған шешімімен қарсыласына жол берді.

ҚАЙСАРДЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАТТЫ

ӘЙГІЛІ ESPN АРНАСЫ АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК ӨНЕРІН СЕРІК ЕТКЕН 25 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ СПОРТШЫЛАРДЫҢ АРАСЫНАН ҮЗДІКТЕРДІ АНЫҚТАП, СОЛАРДЫҢ РЕЙТИНГІН ЖАРИЯЛАДЫ.

Үздіктер тізіміне жеңіл салмақтағы Қайсар Мақсат та енді. Мықтылар санатында ол 11-орында тұр. Қытайда туып-өскен қандасымыз өзінің тұсауке-сер кездесуін 2019 жылдың тамыз айында M-1 Global промоушенінде өткізді. Өкінішке қарай, сол жарыста Қайсар ресейлік Николай Гончаровқа ұпай санымен ұтылды. Есесіне одан кейінгі

уақытта WLF-W.A.R. ұйымының мұрындық болуымен өткен бірқатар турнирде қатарынан бес рет жеңіске жетіп, Дана Уайттың президенттік сериясы додасында күш сынасу құрметіне ие болды. Сол жекпе-жекте канадалық Ахиллес Эстремадураны қапы қалдырды. Осы жеңісінің арқасында қазақ спортшысы UFC-мен келісімшартқа отырды. Әлемнің

ең белді промоушеніндегі алғашқы кездесуін Қайсар Мақсат биыл жазда америкалық Стив Гарсияға қарсы өткізіп, оны бірінші раундта есінен тандырды. ESPN-нің рейтингінде дағыстандық Усман Нұрмагомедов көш бастап тұр. Америкалық Эрин Бланчфилд пен Мұхаммад Мокаев екінші және үшінші орындарды өзара бөліскен. Сондай-ақ үздік бестіктің қатарында эквадорлық Майкл Моралес пен Мейси Барбер сынды спортшылар бар.

НАБИ WORLD PROFESSIONAL JIU-JITSU CHAMPIONSHIP



ДАНА ДАРА ШЫҚТЫ

РИМДЕ ДЖИУ-ДЖИТСУДАН ИТАЛИЯНЫҢ АШЫҚ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ. СОЛ ЖАРЫСТА ТАБЫСТЫ ӨНЕР КӨРСЕТКЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ДАНА ТӨЛЕУЖАН БАС ЖҮЛДЕНІ ОЛЖАЛАДЫ.

Дана Бекенқызы әуелі акробатикамен айналысты. Одан кейін жүзуге ден қойып, спорт шебері нормативін орындады. Кейіннен джиу-джитсуға аңсары ауды. Осы спорт түрінен ол бірқатар халықаралық жарыста олжаға кенелді. Атап айтсақ, биылғы жылдың өзінде Дана Төлеужан Мадридте өткен дүбірлі додада алтыннан алқа тақса, Берлиндегі байрақты бәсекеде қола медальды мойнына ілді. Ал оның алдында ол Дубайда ұйымдастырылған әлем чемпионатында қола жүлдегер атанған еді. Міне, енді Апенин түбегінде жалауы желбіреген жарыста барлық қарсыласын қапы қалдырып, жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

Дана Алматы қаласының тумасы. Алматыдағы КИМЭП-ті ойдағыдай тәмамдаған ол қазіргі кезде іргетасы сонау XIV ғасырда қаланған әлемдегі ең көне университеттің бірі – Римдегі Ла Сапиенцаның магистратурасында каржыгер мамандығы бойынша білім алып жүр.

ҚОРЖЫНДА – ҚОС ҚОЛА

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПАРАТАЭКВОНДОШЫЛАРЫ САУД АРАБИЯСЫНЫҢ БАС ШАҒАРЫ – ЭР-РИЯДТА ӨТКЕН ГРАН-ПРИ ТУРНИРИНІҢ ФИНАЛДЫҚ КЕЗЕҢІН ҚОС ҚОЛА МЕДАЛЬМЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ.

Финалдық кезеңде ең таңдаулы даянғ шеберлері ғана бақ сынайтыны белгілі ғой. Сол себепті Сауд Арабиясына 25 мемлекеттен келген 75 спортшы өнер көрсету құрметіне ие болды. Солардың қатарында Нұрлан Домбаев (80 келі) пен Нышан Өмірәлі (+80 келі) сынды қандастарымыз да бар. К-44 санатында сайысқа түскен олардың екеуі де қола медаль иеленді. Паратаэквондодан Қазақстан құрамасының бас бапкері Нұржан Есілбаевтың айтуынша, біздің жігіттер аталған додаға өте жақсы даярлықпен келді. Қазіргі кезде әлемдік рейтингте Нұрлан көш бастап тұрса, Нышан төртінші орында тұр.

Ал соның алдында ғана дәл осы Эр-Риядта таэквондошылар сайысқа түскен еді. Жарыс жолына Қазақстанның екі спортшысы шықты. Олар – Жансель Дениз (67 келі) бен Смайыл Дүйсебай (+80 келі). Өкінішке қарай, жерлестеріміз өз жанкүйерлерін қуанта алмай, қалың топтың арасында қалып қойды.



«КІШІ» АЛТЫН МЕДАЛЬ БҰЙЫРДЫ

АУЫР АТЛЕТИКАДАН КОЛУМБИЯДА ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА 102 КЕЛІ САЛМАҚТА КҮШ СЫНАСҚАН АРТЕМ АНТРОПОВ ЖҰЛҚЫП КӨТЕРУДЕ 222 КЕЛІНІ АСПАНҒА АТЫП, «КІШІ» АЛТЫН МЕДАЛЬДЫ ИЕЛЕНДІ.



Алайда оның алдында серпе көтеруде тым нашар нәтиже көрсеткен еді. Жаттығудың бұл түрінде Артёмнің небәрі 163 келілік зілтемірді еңсеруге шамасы жетті. Қоссайыстың қорытындысы бойынша 385 келілік көрсеткішпен Антропов алтыншы орында қалып қойды. Бұл салмақта қатарлық Фарес Эльбах қарсылас шақ келтірмеді. Ирандық Реза Дедар күміс алса, армениялық Самвел Гаспарян қолаға қол созды.

Әйелдер арасында 76 келі салмақ дәрежесінде сайысқа түскен Арай Нұрлыбекова үздік ондықты түйіндеді. Оның көрсеткіші – 223 (100+123) келі. Бұл тартыста мысырлық Сара Ахмед топ жарса, америкалық Марта Энн Роджерс пен оңтүстік-кореялық Ким Су Хьон жүлдегерлер қатарына қосылды.

МАМАНДАР АЛМАТЫДА БАС ҚОСТЫ

АЛМАТЫДА ТЕННИСТЕН ҰЛТТЫҚ ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАР ҰЙЫМЫНЫҢ КЕЗЕКТІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ. БҰЛ ЖИЙНҒА АЛЫС-ЖАҚЫН ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕН 140-ТАН АСА ТӘЛІМГЕР ҚАТЫСТЫ.



Аталған іс-шара барысында осы спорт түрінің басы-қасында жүрген майталман мамандар қатысушыларға құнды ақыл-кеңес беріп, өздерінің тәжірибесімен бөлісті. Мәселен, 76 жастағы Иван Молина кезінде Колумбияның ең белді теннисшілерінің бірі болды. Ол аралас жұп сайысында 1974 жылы әйгілі Мартина Навратиловамен бірге Ролан Гарростың жеңімпазы атанса, 1977 жылы финалда ойнады. Кейіннен бапкерлік кәсіпте бағы жанып, бір шоғыр жұлдызды тәрбиеледі. Молинадан бөлек, Батыс және Орталық Азиядағы ITF дамыту жөніндегі маман Әмір Борей, Team Kazakhstan академиясының жаттықтырушысы Сергей Квак, Қазақстанның танымал теннисшісі Диас Досқараев және Беларусьтан келген сарапшы Наталия Верина сөз сөйлеп, қызықты деректермен бөлісті.

БАТЫРДЫҢ ҚАРСЫЛАСЫ БЕЛГІЛІ

24 ЖЕЛТОҚСАНДА АЛМАТЫДА ӨТЕТІН КӘСІПҚОЙ БОКС КЕШІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ТАНЫМАЛ БЫЛҒАРЫ ҚОЛҒАП ШЕБЕРІ БАТЫР ЖҮКЕМБАЕВТЫҢ КІММЕН ЖҰДЫРЫҚТАСАТЫНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ.



31 жастағы боксшы кәсіпқой рингте 2015 жылдан бері күш сынасып жүр. Сол аралықта 22 кездесу өткізіп, тек біреуінде ғана қарсыласына есе жіберді. 16 қарсыласын есінен тандырды. Б.Жүкембаев жекпе-жектерінің денін Канадада өткізді. Барлық бәсекеде басымдық танытып, екінші дәрежелі түрлі белбеуді иеленді. 2021 жылдың 29 мамырында қандасымыз АҚШ-тың Калифорния штатындағы Карсон қаласында кубалық Сабриэль Магнаспен жұдырықтасты. Егер сол кездесуде Батыр жеңіске жеткенде, IBF нұсқасы бойынша алтын белбеуден үміткерлер санатына қосылатын еді. Бірақ бұл бәсеке Бостандық аралы өкілінің жеңісімен аяқталды. Сегізінші раундтан кейін Жүкембаев жекпе-жектегі жалғастырудан бас тартты.

Алматыдағы жарыста қазақ боксшысы Холани Мкотелимен қолғап түйістіреді. «Жолбарыс» деген жанама есімге ие Оңтүстік Африка Республикасының (ОАР) өкілі 26 рет шаршы алаңға шығып, 19 кездесуді өз пайдасына шешті. Ол 12 қарсыласын ұрып жыққан.

ГАНДБОЛШЫ ҚЫЗДАР ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ

ЖАҚЫНДА ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ СЕУЛ ҚАЛАСЫНДА ГАНДБОЛДАН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДА АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. САРЫ ҚҰРЛЫҚТЫҢ ЕҢ ҮЗДІК 10 КОМАНДАСЫ СЫНҒА ТҮСКЕН БӘСЕКЕДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЙЖЕТКЕНДЕРІ БЕСІНШІ ОРЫНҒА ИЕ БОЛДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР ОСЫ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚЫЗДАРЫМЫЗ КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ ӨТЕТІН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ЖОЛДАМА АЛЫП, АЛҒА ҚОЙҒАН БАСТЫ МАҚСАТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.

Сеулдегі Азия чемпионатының жербесі Қазақстан қыздары үшін қолайсыз түсті. Жапония, Қытай сияқты құрлықтағы ең мықты ұжымдармен бір топқа түскен Қазақстан құрамасы Таиланд, Гонконг сияқты командаларды ұтқанымен, Жапония мен Қытайға қарсы тұра алмады. Жапония – бұған дейін Азия чемпионы деген атақпен қатар, үнемі финалға шығып жүрген команда.

Қытай құрамасы да осал емес. Азия чемпионатында 16 (!) мәрте жүлде алған шығыстағы көршілеріміз биылғы жарыстың қорытындысы бойынша жүлде санын 17-ге жеткізді.

Десек те, Қазақстан құрамасы Азия чемпионатының алғашқы ойынында дәл осы Қытай құрамасына айтарлықтай төтеп берді. Тіпті кейбір ойын сәттерінде бойжеткендеріміз есепте алға шыққан еді. Өкінішке қарай, Берік Бекназаровтың шәкірттері өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалана алмай, қарсыластарының есепте алға шығуына жол беріп қойды.

Жалпы, Азия чемпионаты барысында Қазақстан құрамасы сапында Жанерке Сейіткасым, Дана Әбілді, Вероника Хардина, Камила Серікбаева, Ирина Барановская, Арайлым Әбдіхамит өте жақсы өнер көрсетті. Мәселен, Қытаймен өткен алғашқы матчта Вероника Хардина 8 доп соқса, Дана Әбілдіна 6 рет қарсылас қақпасын дәл көздеді.

Азия чемпионатының қорытындысы бойынша 5 команда келесі жылы өтетін әлем чемпионатына жолдама алды. Олар – Қазақстан құрамасы және үздік төрттікке кірген Оңтүстік Корея, Жапония, Қытай және Иран құрамалары.

Өткен аптада Оңтүстік Корея құрамасы финалда Жапонияны қосымша уақытта жеңіп (34:29), Азияның 16 дүркін жеңімпазы атанды. Қола жүлде Иранды 39:24 есебімен ұтқан Қытай еншісінде.

Әлем чемпионатын келесі жылы Дания, Швеция және Норвегия

құрамалары бірігіп өткізеді. Бүгінде әлемдік жарысқа қатысатын 32 команданың 17-сі белгілі болды. Атап айтсақ, жарыс қожайындарынан бөлек, Франция, Черногория және Нидерланд құрамалары Еуропа чемпионатының қорытындысы бойынша жолдама алды. Африка аймағының үздік төрт командасы қараша айының 20-сында анықталды. Олар – Ангола, Камерун, Конго және Сенегал құрамалары. Америка аймағының қос мықтысы Бразилия мен Аргентина да әлем чемпионатына қатысатын ұжымдарға қосылды. Келесі жылдың көктемінде Еуропа чемпионатының екінші іріктеу ойындары өтеді. Ол жерде 10 команда белгілі болады. Ал қалған бес команданы Халықаралық гандбол қауымдастығы өздері ұсынады (wild card).

Азия чемпионатының нәтижелері

Топтық ойындар

А тобы

1-тур. Үндістан – Иран – 35:43; Оңтүстік Корея – Аустралия – 48:9;
2-тур. Өзбекстан – Иран – 32:35; Үндістан – Оңтүстік Корея – 8:38;
3-тур. Үндістан – Өзбекстан – 28:22; Иран – Аустралия – 43:15;
4-тур. Аустралия – Үндістан – 30:42; Өзбекстан – Оңтүстік Корея – 21:41;
5-тур. Аустралия – Өзбекстан – 26:36; Оңтүстік Корея – Иран – 41:11;

Турнир кестесі

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Корея	4	4	0	0	168-49	8
2	Иран	4	3	0	1	132-123	6
3	Үндістан	4	2	0	2	113-133	4
4	Өзбекстан	4	1	0	3	111-130	2
5	Аустралия	4	0	0	4	80-169	0

В тобы

1-тур. Қытай – Қазақстан – 28:26; Таиланд – Жапония – 9:44;
2-тур. Гонконг – Қазақстан – 24:28; Қытай – Жапония – 26:29;



3-тур. Қытай – Гонконг – 36:21; Қазақстан – Таиланд – 30:24;
4-тур. Таиланд – Қытай – 13:36; Гонконг – Жапония – 7:42;
5-тур. Таиланд – Гонконг – 24:20; Қазақстан – Жапония – 21:33;

Турнир кестесі

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Жапония	4	4	0	0	148-63	8
2	Қытай	4	3	0	1	126-89	6
3	Қазақстан	4	2	0	2	105-109	4
4	Таиланд	4	1	0	3	70-130	2
5	Гонконг	4	0	0	4	72-130	0

Плей-офф

Жартылай финал. Оңтүстік Корея – Қытай – 34:16; Жапония – Иран – 43:19;

9-10-орын үшін. Аустралия – Гонконг – 26:28;

5-8-орын үшін. Үндістан – Таиланд – 37:25; Қазақстан – Өзбекстан – 30:28;

7-8-орын үшін. Таиланд – Өзбекстан – 39:35;

5-6-орын үшін. Қазақстан – Үндістан – 42:31;

3-4-орын үшін. Қытай – Иран – 39:24;



ФИНАЛ.

Оңтүстік Корея – Жапония – 34:29 (27:27) қосымша уақытта.

Жалпы, әлем чемпионатына кез келген команда топ етіп түсе салмайды. Іріктеу ойындарының өзі қажырлы еңбекті қажет етеді. Оны еліміздегі баскетбол, волейбол, футбол

сияқты командалық спорт түрлерінің іріктеу сайыстарынан көріп жүрміз. Сондықтан гандболшы қыздарымыздың Азия құрлығынан бесінші орын иеленіп, әлемдік жарысқа жолдама алып жатқанының өзі – біз үшін үлкен жетістік.

Заңғар КЕРІМ

АЛҒАШҚЫ АЛТЫН ДЕНИСТИҢ ЕНШІСІНДЕ

АЛМАТЫДАҒЫ «ХАЛЫҚ АРЕНА» СПОРТ КЕШЕНІНДЕ ШОРТ-ТРЕКТЕН ӘЛЕМ КУБОГІНІҢ ТӨРТІНШІ КЕЗЕҢІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ.



Осыдан бір апта бұрын дәл осы «Халық Аренада» өткен үшінші кезеңді жерлестеріміз бір күміспен қорытындылаған болса, бұл жолы бір алтын және бір қола медаль жеңіп алды. Барлық медальды Денис Никиша 500 метр жарыста жеңіп алды. Кеше Денис жарты шақырымды 41,850 секундта жүгіріп өтіп, Қазақстанның шорт-трек тарихындағы алғашқы алтын сыйлады. Оңтүстік Корея шорт-трекшісі күміс, бельгиялық қола медальға ие болды. Үшінші кезеңде Денис аталған қашықтықты 40,998 секундта жүріп

өтіп, күміс алса, төртінші кезеңнің алғашқы күнінде 41,267 уақытпен қола жүлде жеңіп алды.

Сондай-ақ еліміздің әйелдер құрамасы 3 мың метр эстафетада алғаш рет финалда өнер көрсетті. Алайда Яна Хан, Ольга Тихонова, Мадина Жанбосынова мен Малика Ермек шешуші сында жүлдеге бір табан жетпей сүрінді. Олар Оңтүстік Корея, Канада мен Мажарстаннан кейін мәре сызығын қиды. Осылайша, шорт-трекшілер биылғы маусымды жеті жүлдемен қорытындылады.

«ҚУАНЫШ» ҚУАНТА АЛМАДЫ

ТҮРКИЯНЫҢ АНТАЛИЯ ҚАЛАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ВОЛЕЙБОЛДАН ӘЙЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ КЛУБТЫҚ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ «ҚУАНЫШ» КЛУБЫ ӨЗ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІН ҚУАНТА АЛМАДЫ.

Биылғы Азия біріншілігінде жеңімпаз атанған Петропавлдың «Қуанышы» әлем чемпионатында өнер көрсету мүмкіндігіне ие болған еді. Өкінішке қарай, жерлестеріміз топтық кезеңдегі екі турда да қарсыластарына жол беріп, әлем біріншілігін алтыншы орынмен түйіндеді. «Қуаныш» бірінші турда былтырғы әлем чемпионы

Түркияның «VakifBank» командасынан 3:0 есебімен жеңілсе, екінші турда Бразилияның «Минас» клубынан да дәл сондай есеппен жеңілді.

Турнирдің бас жүлдесін Италияның «Конельяно» командасы жеңіп алды. Олар финалда Түркияның «VakifBank» клубынан басым түсіп, екі дүркін әлем чемпионы атанды.



ДУБАЙДА БАҚ СЫНАЙДЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРІНШІ, ӘЛЕМНІҢ 21-РАКЕТКАСЫ ЕЛЕНА РЫБАКИНА ДУБАЙДАҒЫ (БАӘ) WORLD TENNIS LEAGUE ТУРНИРИНЕ ҚАТЫСЫП ЖАТЫР.



Жалауы желбіреген турнирде теннисшілер төрт топқа («Бүркіттер», «Сұңқарлар», «Қаршығалар», «Әуе жылан-дары») бөлініп, 18 ойыншы өнер көрсетеді. Уимблдон чемпионы Е.Рыбакина «Қаршығалар» тобында германиялық Александр Зверев, аустриялық Доминик Тим және эстониялық Анетт Контавейтпен бірге ойнайды. Барлық топ бір-бірімен кездеседі. Ең үздік екі топ финалда кім мықтыны анықтайды. Әр бәсеке үш

ойыннан тұрады, біреуі ерлер, екіншісі әйелдер арасында, үшіншісі аралас жұпта (микст) болады.

Жерлесіміз бүгін әлемнің бесінші ракеткасы, Беларусь өкілі Арина Соболенкомен сынға түседі. Екі күннен кейін Рыбакина Зверевпен бірге канадалықтар Феликс Оже-Альяссим – Эжени Бушармен қортық шығады. 23 желтоқсанда әлемнің 4-ракеткасы франциялық Каролин Гарсиямен шеберлік байқасады.

Бетті дайындаған –
Едіге ОРАЗ

АРГЕНТИНА

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ФИНАЛЫН ЖАЗБАС БҰРЫН, ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛДЫҚ ЕКІ ОЙЫН МЕН 3-ОРИН ҮШІН БОЛҒАН МАТЧҚА ТОҚТАЛЫП ӨТСЕК. АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛДЫҚ САЙЫСТА ЛУСАИЛДАҒЫ 90 МЫҢ КӨРЕРМЕН СЫЯТЫН ҰЛТТЫҚ СТАДИОНДА ИНЕ ШАНШАР БОС ОРИН БОЛМАДЫ. БАРША ЖҰРТТЫ МАЗАЛАҒАН СҰРАҚ: «АРГЕНТИНА ЖЕҢЕ МЕ, ӘЛДЕ ХОРВАТИЯ МА?», «МЕССИ МЫҚТЫ МА, ӘЛДЕ МОДРИЧ ПЕ?», МІНЕ, ОСЫ ІСПЕТТЕС САУАЛДАРҒА ЖАУАП АЛУ ҮШІН 13 ЖЕЛТОҚСАНДА ЖЕР-ЖАҒАННЫҢ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ КӨГІЛДІР ЭКРАНҒА КӨЗ ТІКТІ.

ФИНАЛДА МЫҚТЫЛАР КЕЗДЕСЕДІ

13.12.2022 ЖЫЛ

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, қос команда бұған дейін өзара бес мәрте кездескен екен. Екеуі де екі реттен жеңіске жетіпті. 1998 жылы Франциядағы әлем чемпионатында аргентиналықтардың асығы алшысынан түсті – 1:0. 2018 жылғы Ресейдегі мундиальда хорваттар қарсылас қақпасына жауапсыз үш гол салды – 3:0. 2006 жылы өткен жолдастық кездесуде қарт құрлықтың өкілдері (3:2) басымдық танытса, 2014 жылы Оңтүстік Америкадан келген оғыландардың (2:1) айдаһарынан жел есті. Ал 1996 жылы ұйымдастырылған тағы бір бәсекеде есеп ашылған жоқ – 0:0.

Лусаилдағы ойын өте сылбыр өтті. Қос команда ұзақ уақыт бойы аңдасып, арбасудан аспады. Сол уақыт аралығында не бір жақсы комбинацияны, не бір ұтымды шабуылды көре алмадық. Осы «көрініс» жарты сағатқа созылды. 32-минутта жағдай күрт өзгерді. Хорватия қорғаушысы Деян Ловернин өрескел қателігінен кейін доп Хулиан Альварестің аяғына тиді. Ол бірден алға ұмтылып, қақпашымен бетпе-бет қалды. Өз командасын қауіпті жағдайдан құтқармақ болған Доминик Ливакович Хулиан Альваресті теуіп құлатты. Төреші пенальти белгіледі. Лионель Месси 11 метрлік нүктеден мулт кеткен жоқ – 1:0. Ол аздай, Даниэле Орсато ережені бұзған қақпашымен қоса, төрешімен сөз таластырған жартылай қорғаушы Матео Ковачичке де сары қағаз көрсетті.

Одан кейін Хорватия құрамасын мүлдем танымай қалдық. Олар жиі-жиі қателікке бой алдырып, білгендерінен жаңылды. Сондай бір сәтті тағы да Альварес ұтымды пайдаланды. 37-минутта алаңның ортасынан құйындай жүйткіген ол бірнеше ойыншының арасынан сытылып шығып, екінші допты қақпаға тоғытты – 2:0.

Үзіліс кезінде және екінші тайм басталған бетте Златко Далич үш бірдей ойыншысын алмастырып, ойынға өзгеріс енгізгісі келді. Борна Сосаның орнынан Мирслав Оршич, Марио Пашаличтің орнына Никола Влашич және Марцело Брозовичтің орнына Бруно Петкович шықты. Бірақ одан еш нәтиже болмады. «Баяғы жартыс – сол жартас» күйінде қалды. Хорваттар өте баяу қимылдап, бәсекенің басынан аяғына дейін, ең болмағанда жөні түзу бір шабуыл да ұйымдастыра алған жоқ. Аргентиналықтар да керемет бір ойын көрсетті деп айту қиын. Десек те Лионель Скалони командасының есебі түгел еді. Қарсыласының ұнжырғасы түсіп кеткенін аңғарған олар 69-минутта тағы бір гол соқты. Хорватия құрамасының айып алаңына оң қапталдан енген Месси қорғаушылар қыспаққа алғанына қарамастан, дәл сызықшаға келгенде Альвареске дәл пас берді. 22 жастағы Аргентинаның жас жұлдызы өз мүмкіндігін қалт



жібермей, дубль авторы атанды – 3:0. Одан кейін таблодағы есеп өзгерген жоқ.

Осылайша, Аргентина құрамасы өз тарихында алтыншы рет әлемдік доп додасының финалында өнер көрсету құқығына ие болды. Олар 1978 және 1986 жылдардағы мундиальда бас жүлдені олжаласа, 1930, 1990 және 2014 жылдары шешуші тұста сүрінген еді. Енді аргентиналықтардың үшінші мәрте чемпион атануына тамаша мүмкіндік туындап отыр.

14.12.2022 ЖЫЛ

Сәрсенбіден бейсенбіге қараған түні жартылай финалдың екінші матчында қазіргі әлем чемпионы – Франция осы біріншіліктің басты сенсациясын жасаған Марокко футболшыларын жеңді. Чемпионаттың шымылдығы түрілген «Әл-Байт» стадионындағы бәсекеде «үш жолақты» елдің футболшылары Марокконы 2:0 есебімен тізе бүктіріп, қатарынан екінші мәрте әлемдік доп додасының финалына шықты.

Қатардың Әл-Хаур қаласындағы 70 мың жанкүйер сыятын «Әл-Байт» стадионында биылғы әлем біріншілігінің тоғыз матчы өтеді деп жоспарланған болатын. Яғни топтық кезеңнің – алты, ширек финалдың – екі және жартылай финалдың бір ойыны ұйымдастырылды. Франция мен Марокко құрамасы жартылай финалға дейін бұл алаңда бір-бір матч өткізіп үлгерген еді. Мәселен, 23 қарашада Марокко топтық кезеңнің бірінші турында Хорватиямен кездесіп, 0:0 есебімен тең тарқаса, Франция 10 желтоқсандығын ширек финалда Англияны 2:1 нәтижесімен тізе бүктірген-ді. Араға төрт күн салып «Әл-Байт» стадионына қайта оралған француздар қатарынан екінші ойында да жеңіс тойын тойлады.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, Франция мен Марокко футболшылары бұған дейін өзара бес мәрте жолыққан екен. Төрт мәрте жолдастық кездесу өткізсе, бір рет халықаралық турнирде жолдары түйіскен. Қос құрама алғаш рет 1988 жылы ұйымдастырылған «Франция турнирі»

бәсекесінің финалында кездесіп, бірінші матч жарыс қожайындарының жеңісімен аяқталған – 2:1. Ал кейінгі төрт жолдастық кездесудің екеуінде Франция футболшыларының мерейі үстем болса, екі матч тең есеппен аяқталған. 2007 жылы өткен әзірше ең соңғы жолдастық кездесуде құрамалар 2:2 нәтижесімен тең түскен.

Жартылай финал бәсекесі алдындағы баспасөз мәслихатында Франция құрамасының бас бапкері Дидье Дешам негізгі құрамның екі ойыншысы сырқатына байланысты Мароккомен өтетін матчқа қатыса алмайтынын мәлімдеді. 24 жастағы «Баварияның» қорғаушысы Деотшанкюль Упамекано ойын хаттамасына енгенімен, алаңға шыққан жоқ. Ал 27 жастағы «Ювентустің» жартылай қорғаушысы Адриан Рабьо да бұл ойында командасына көмектесе алмады. Марокко құрамасының бас жаттықтырушысы Валид Реграги болса, тәуекелге бел буып, Португалиямен болған ойында жарақат алған негізгі құрамның ойыншыларын да алаңға шығарды. Тіпті сол матчта ауыр жарақат алған капитан Ромен Саиссті де бірінші минуттан ойынға қосты.

Әлем чемпионатындағы бес ойында қақпасына бірде-бір гол өткізбеген Марокко (бір голды өз қақпаларына соғып алғаны болмаса), бұл матчта да әдеттегідей қорғанысқа баса назар аударып, матчты пенальти сериясына дейін жеткізуді кездегені анық байқалды. Бірақ франциялық футболшылар Испания, Португалия құрамалары жіберген қателікті қайталамауға тырысып, бірінші минуттан бастап қарсыласының қорғанысын бұзып-жаруға ұмтылды. Нәтижесі де көп күттірген жоқ. Матчтың бесінші минутында Антуан Гризмани асырған пасқа бірінші жеткен Килиан Мбаппе чемпионаттағы алтыншы голын соғатын мүмкіндікті жіберіп алғанымен, қақпа маңындағы қарбалас сәтте Тео Эрнандес алынбас қамалға айналған Яссин Бунудың қақпасынан саңылау тапты.

Марокколық футболшылар жылдам гол өткізіп алған соң, ақырындап шабуылға шыға

бастады. Бұған дейінгі матчтарда тек қарымта шабуылға иек артқан Африка құрлығының өкілдеріне бұл жолы өздері шабуыл ұйымдастыруға тура келді. Сондай сәттердің бірінде Аззедин Унаи мен Джавад әл Ямик таразы басын теңестіріп қана қоймай, құрамасын есепте алға шығаратын жап-жақсы мүмкіндікке ие болған еді. Алайда Франция құрамасы сапындағы тәжірибелі қақпашы Уго Льорис бұл кездесуде де шапшаңдығымен көзге түсті.

Небәрі екі-ақ әлем чемпионатында 11 гол соғып, «қақпашылардың киллері» атанған Килиан Мбаппеге бұл матчта гол соғу бақыты бұйырмаса да, әріптестеріне нәтижелі пас берумен көзге түсті. Матчтың 79-минутында Мбаппе кезекті бір қарсы шабуылда жеке шеберлігінің арқасында бірнеше футболшыны алдап өтіп, маңызды сәтте допты әріптесі Рандаль Коло Муангге асырып, Францияның финалға шығуына зор үлесін қосты – 2:0.

Осылайша, топтық кезеңнен бастап, жартылай финалға дейін еуропалық даңқты құрамаларды жарыс жолынан ығыстырып, өз тарихында тұңғыш рет әлем чемпионатының жартылай финалына дейін жеткен Марокконың Қатардағы «ертегісі» өз мәресіне жетті.

ҚОЛА ЖҮЛДЕНІҢ ДЕ САЛМАҒЫ БАР

17.12.2022 ЖЫЛ

Бұл күні Хорватия ұлттық құрамасы футболдан әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды. Осыдан төрт жыл бұрын Ресейде ұйымдастырылған теңбіл доп додасында Франциядан жеңіліп, күміс жүлдеге ие болған Златко Далич шәкірттері бұл жолы үшінші орынға ие болды. 45 мыңнан аса жанкүйер сыятын Дохадағы «Халифа» стадионында өткен тартысты бәсекеде Хорватия футболшылары Марокконы 2:1 есебімен тізе бүктірді.

Жартылай финалда Аргентина мен Франциядан жеңіліп, сәтсіздікке ұшыраған екі құраманың да үшінші орын үшін өтетін матч алдында қай жағынан алып қарасақ та, күштері тең еді. Мәселен, Хорватия мен Марокко футболшылары бұған дейін жасыл алаңда екі мәрте кездесіп, екеуі де тең есеппен аяқталған болатын. 1996 жылы Касабланкада өткен жолдастық бәсекеде 2:2 есебі тіркелген болса, осы әлем чемпионатының топтық кезеңдегі екінші кездесуінде де жеңімпаз құрама анықталған жоқ – 0:0. Сондай-ақ басқа да статистикалық мәліметтер екі құраманың бір деңгейдегі команда екенін айғақтайды.

Әлемдік мундиальдағы тәжірибе, жүлделер саны, рейтингтегі құрамалардың орны «шақпақ жейделердің» африкалықтарға қарағанда бәрібір бір сағы жоғары тұрғанын дәлелдейді. Атап айтқанда, 2018 жылғы «Алтын доп» иегері Лука Модрич бастаған Хорватия құрамасы Қатардағы әлем біріншілігіне дейінгі ФИФА рейтингінде 12-орында тұрған болса, Марокко 22-сағыға жайғасқан. Сонымен қатар Хорватия 1998 жылы Францияда өткен әлемдік футбол бәсекесінің қола жүлдесін, 2018 жылғы Ресейдегі жаһандық біріншілікте күміс жүлдеге қол жеткізген. Ал Марокко болса, бұған дейін бес әлем чемпионатына қатысқанымен, тек бір рет қана, яғни 1986 жылы Мексикада ұйымдастырылған футбол тойында 1/8 финал жеңісінен көрінген болатын.



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ!



«Халифа» стадионында өткен ойынға тоқтандар болсақ, екі құраманың топтық кезеңдегі алғашқы ойынында бірде-бір гол соғылмағандықтан, футбол сарапшылары матч алдында бұл бәсекеде көп гол көреміз деп болжаған еді. Аузы дуалы мамандардың айтқаны айдай келді. 90 минутқа жалғасқан матчта жанкүйерлер бірі бірінен өткен әдемі үш голдың куәсі болды.

Үш ұпай емес, жүлделі үшінші орын үшін өткен матчтың жөні бөлек болған соң, ескі де жаңа қарсыластар бірінші минуттан бастап аңдысып жатқан жоқ. Төрешінің ысқырығы естілген сәттен бастап екі құраманың футболшылары да алға ұмтылып, бірінші болып гол соғуға тырысты. Сондықтан стадионға жиналған, теледидар арқылы тамашалаған жанкүйерлер бірінші голдың соғылғанын көп күткен жоқ. Кездесудің жетінші минутында Иван Перишичтің пасынан кейін Хорватияның ұзын бойлы қорғаушысы Йошко Гвардиол баспен гол соғып, матчтың есебін ашты – 1:0. Бірақ хорватиялық жанкүйерлердің қуанышы ұзаққа созылған жоқ. Арада екі минут өткенде Марокко құрамасының қорғаушысы Ашраф Дари мергендік танытып, таразы басын теңестірді – 1:1.

Жылдам екі гол соғылғаннан кейін ойын біраз саябырсығандай болды. Алайда бірінші тайм аяқталар тұста Марокко құрамасының қорғаныстағы қателігінен кейін хорватиялық футболшы Мислав Оршичтің айып алаңының сол қапталынан қақырата тепкен добын мундиальдың ең үздік қақпашыларының бірі Яссин Буну қайтара алмады – 2:1. Екінші таймда Марокко футболшылары

таразы басын теңестіруге қанша тырысқанымен, Суфьян Буффаль, Юссефа Эн-Несири, Хаким Зиеш секілді футболшылар Доминик Ливаковичтің қақпасынан саңылау таба алмады.

Осылайша, Қатардағы әлем чемпионатының үшінші орын үшін өткен матчында Златко Далич жетекшілік ететін Хорватия құрамасы жеңіске жетті. Сөйтіп, хорваттар 24 жыл бұрынғы Франциядағы тарихи нәтижесін қайталап, әлем біріншілігінің екі дүркін қола жүлдегері атанды.

МЕССИДІҢ АРМАНЫ ОРЫНДАЛДЫ

18.12.2022 ЖЫЛ

Футбол тарихында алғаш рет күн қысқарып, түн ұзарған шақта ұйымдастырылған дүниежүзілік доп додасы да тарих қойнауына енді. Соңғы рет әлемнің ең үздік 32 құрамасы бас қосқан Қатардағы футбол тойы бұған дейін екі рет ала доп аламанында үздік шыққан Аргентина құрамасының жеңісімен аяқталды. XXI ғасырдың екінші он жылдығындағы жер-жаһанның теңдессіз футболшысы деп танылған Месси 16 жыл бойы армандаған Әлем кубогіне қол жеткізді. Енді оның аты футбол әлемінің аңыздары – Пеле, Марадоналармен қатар аталатын болды.

Бұрын жанкүйерлер футбол жүлдыздарының ойынын тек әлем чемпионаттарында ғана тамашалайтын. Пелені тек Бразилияның, Марадонаны Аргентинаның, әлем чемпионы

болмаса да, Эйсебионы Португалияның жейдесінде ғана көретін. Оларға баға да әлем біріншілігіндегі ойындарына қарап берілетін. Ал әлемдік мундиальдарда жарқырап көріне алмағандарды жанкүйерлер тек белгілі бір клубтың аңыз ойыншысы, яғни пәлен клубтың тарихындағы ең үздік сұрмергені немесе сол уақыт аралығындағы ең үздік ойыншысы деп қана танитын.

Кешегі күнге дейін сол екінші таптың қатарында Мессидің де аты «Барселонаның» аңыз футболшысы деп аталып келген-ді. Өйткені ол әлемдік деңгейдегі барлық жарыстың жеңімпазы атанғанымен, тек әлем чемпионы деген атақ қана жетпей тұрған еді. Оны аңыз деген атақтан осы бір ғана алтын кубок «аяқтан шалып» жатқанын өзі де, жанкүйерлері де жақсы білетін. Сөйтіп, кеше әлем біріншілігінің финалында Францияны жеңіп, карьерасында жетпей тұрған кубоктің орнын толтырып, аңыз деген бейресми атағын ресмилендіріп, «мөр» бастырып алды.

Енді Мессиді бүкіл әлем жанкүйерлері тек Аргентина жейдесін киген футболшы деп біледі. Болашақ ұрпақ оның «Барселона» сапында ойнағанын есіне түсіре алмай біраз әуре болады. Біздің қазіргідей Пеле (бар-жоғы екі-ақ клуб сапында доп тепсе де) мен Марадонаның қай клубта ойнағанын зорға есімізге түсіретіміз сияқты...

Әлем чемпионатының финалдық матчындағы жай-жапсарды жазып отырудың өзі артық шығар. Соңғы минутқа дейін аса тартысты өткен ойында «Лусайл» стадионынан 90 мың жанкүйер, теледидар арқылы төрткүл дүниенің төрт бұрышынан миллиардтаған адам тамашалап,

футболшылардың алаңдағы ерліктерін, соққан голдарын, бәрін-бәрін көрді. Сондықтан кешегі финалда Аргентина құрамасы қалай жеңіске жетті, Франция неге жеңілді деген жанкүйерлерді мазалаған басты сұраққа өзімізше аз-кем жауап беріп өтсек. Жалпы, футбол тарихындағы ірі-ірі турнирлердің финалын өте мұқият тамашалап жүрген жанкүйер бұл сұрақтың жауабын біледі деп ойлаймыз.

Кейінгі жылдардағы финалдардың бәрінде деп өтірікші болмай-ақ қояйық, көбінде командалар тек мотивацияның арқасында жеңіске жетіп жатқаны жиі байқалады. Мәселен, Чемпиондар лигасының 2005 жылғы финалын есіңізге түсіріңіз. «Ливерпуль» бірінші таймда «Миланнан» 3:0 есебімен жеңіліп жатып, екінші таймда қалай камбэк жасап еді, ә? Үзіліс кезінде «Ливерпульдің» сол кездегі бас бапкері Рафаэль Бенитес шәкірттеріне ештеңе айтпапты. Тек киіну бөлмесінің терезесін ашып, «Ливерпуль» жанкүйерлерінің «You will never walk alone» («Сен ешқашан жалғыз емессің») өлеңін тыңдатқан. Міне, бұл – мотивация. Тағы сол Чемпиондар лигасының 2009 жылғы финалында «Барселонаның» бапкері Пеп Гвардиола матчтың алдында футболшыларына сол маусымда жүріп өткен жолындағы қиын сәттерін, жанкүйерлердің қуанышын, әдемі голдарынан жинақталған сәттерін видео арқылы көрсетіп, шәкірттеріне мотивация берген. Былтырғы Копа Американың финалындағы Мессидің командаластарына айтқан рухты сөзінен кейін Аргентинаның жеңіске жеткенін жақсы білеміз...

Жексенбі күні өткен матчта да Аргентинаның Францияға қарағанда жеңіске деген құлшынысы зор болды. «Альбиселесте» футболшылары финалда бір мақсат аясына бірігіп, өздерін де, Мессиді де әлем чемпионы ету үшін жасыл алаңда барын салды. Рас, француздар финалда жеңілеміз деп шықпағаны белгілі. Олардың да қатарынан екі рет бас жүлдені иеленгісі келді. Бірақ бұл жолы Аргентина футболшылары француздарға қарағанда жақсы мотивацияға ие болды. Соның арқасында аргентиналықтар жеңіске жетті.

Сонымен биылғы әлем чемпионатын қорытындылайтын болсақ, Лионель Месси әлем чемпионымен қатар, турнирдің ең үздік ойыншысына берілетін «Алтын доп» иегері атанды. 35 жастағы футболшы жеті матчта алаңға шығып, жеті голдың авторы атанды. Сондай-ақ әріптестерінің үш мәрте көзге түсуіне мүмкіндік жасап берді.

Финалда хет-трик жасап, бір мундиальда сегіз гол соққан франциялық шабуылшы Килиан Мбаппе Қатардағы әлем біріншілігінің үздік сұрмергеніне берілетін «Алтын бутсаға» ие болды.

Тағы бір аргентиналық футболшы Энцо Фернандес – ең үздік жас ойыншы атанса, Эмилиано Мартинес ең үздік қақпашы аталымында үздік шықты. Чемпионаттың ширек финалында жарыс жолынан шығып қалған Англия «адал ойын» марапатын жеңіп алды.


Келесі әлем чемпионаты 2026 жылы АҚШ, Мексика және Канадада өтеді. Мұхиттың арғы бетінде ұйымдастырылатын біріншілікке алғаш рет әлемнің 48 құрамасы қатысады.

Заңғар КЕРІМ



ТҰЛҒАМЫЗДЫ АРДАҚТАЙ АЛМАДЫҚ...

АЛДЫ САЙРАН, АРТЫ ОЙРАН ОПАСЫЗ ДҮНИЕ-АЙ ДЕСЕҢШІ... ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҰҒЫШ ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ ӘЛЖАН ЖАРМҰХАМЕДОВ ЖАЛҒАННЫҢ ЖАРЫҒЫМЕН ҚОШТАСТЫ. ЕЛ-ЖҰРТЫН ӘЛЕМГЕ ӘЙГЛЕГЕН ЕСІЛ ЕРДІҢ ҚАЗАСЫ ҚАБЫРҒАМЫЗДЫ ҚАЙЫСТЫРЫП-АҚ ЖІБЕРДІ. ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫҚТАУҒА ЛАЙЫҚ ҰЛДАРЫНЫҢ БІРІ ЕДІ. АМАЛ ҚАНША, КӨЗІ ТІРІСІНДЕ ҚАДІРІНЕ КӨП ЖЕТЕ ҚОЙМАДЫҚ. АЛАШТАН АТ ОЗДЫРҒАН АЙТУЛЫ ТҰЛҒАМЫЗДЫ ӨЗ ДӘРЕЖЕСІНДЕ АРДАҚТАЙ АЛМАҒАНЫМЫЗ АРҚАНЫ АЯЗДАЙ ҚАРИДЫ.



Осындайда ойға оралады. Анау бір жылы мұнаралы Мәскеудегі абзал ағаны арнайы іздеп бардым. Содан екеміз өзіміздің елшіліктің қонақүйінде емін-еркін сұхбат құрғанымыз естен кетер ме?! Ағыл-тегіл әңгіме үстінде «артықтау кетсем айыпқа бұйырмаңыз, кейбір бауырларыңыз сіздің қазақ екендігіңізге күмән келтіреді» деп көкейімді тескен қолайсыздау сұрақты қойып кеп қалдық. Сабазың саспады. Төбеден түскендей сауалымызға төтелей жауап қайтарды: «Қайдан білейін, қарағым. Шешесі орыс дейтін шығар... Әйтпесе, әкем таза қазақ. Кешегі кеңестік паспортымда ұлтымның қазақ екендігі көрсетілген-тұғын. Әскери билетімде ондай жазу әлі бар. Мен бірдене білсем, біздің қазақ туыстық тамырларын әке жағынан таратады емес пе? Ата-тегін анасы жағынан анықтайтын еврей емеспіз ғой...».

Осы «тойғанымызбен» қоймай, тағы да қиялай тарттық: «ақыры бас жаққа барыстық қой, оның үстіне сүйек сұраспасақ отыра алмайтын халықпыз. Ендеше, сүйегіңізді айтыңызшы?». Қайран ағам қасқайып тұрып «Қазаққа талай батыр сыйлаған жаппасын! Әкем марқұм мұны ұмытпастай қылып құлағымға құйған», деді дауысы саңқ етіп.

Бүйректен сирақ шығаруға құмар базбір ағайындар «Ол Қазақстанға еңбек сіңірген жоқ. Өзбекстан мен Ресейдің атын шығарды» деген сыңайдағы сыңаржақ пікірді әлі күнге дейін айтады. Ал сол шіркіндер Әлекеннің Отанына оралуға талай рет талпынып, одан ештеңе шықпаған соң іштен тынып, өмір бойы өкінуімен өткенін білсе ғой...

Бұл өзі келтесінен қайыруға келмейтін ұзақ әңгіме.

Осы кісі маған кейде әу бастан басқа жұрттың бағына туғандай көрінетіні бар. Неге дейсіздер ғой. Айтайық. Ол туып-өскен Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданын кезінде КОКП көсемі Хрушев

Өзбекстанға қосып жіберді. Ондағы қандастарымыз ойламаған жерден ала тақиялы ағайындардың арасына сіңді де кетті. Баскетбол добын он жеті жасында қолына алған Әлжан асқан талантының арқасында осы ойынның әліппесімен әлдеқайда ертерек танысқан әріптестерін басып озып, Ташкенттің таңдаулы клубтарында өнер көрсетті. Көп кешікпей КСРО құрама командасының сапына ілікті. Сол-ақ екен атақты Гомельский оның соңына түсті. Талайды көрген тарлаң-боз бапкер баскетбол аспанында жаңа туып келе жатқан жарық жұлдызды жазбай таныды. Баскалар «қағып» әкетпей тұрғанда бұрынырақ қимылдауды дұрыс көріп, өзі жаттықтыратын әйгілі ЦСКА-ға шақырды. Басқа біреулер болса көктен іздегені жерден табылғандай, қуана-қуана келісер еді. Әкем-ау, атынан ат үріккендей Александр Яковлевичтің өзі аттай қалап шақырып тұрса... Сайдың тасында сайыпқыран ойыншылардың бәрі соның төңірегінде топтасса... Бұдан артық не керек енді?!

Бірақ біздің «қырсық» қазақ қиям-пұрыс мінез көрсетіп ұтымды ұсыныстан үзілді-кесілді бас тартты. Айтқанына көніп, айдауына жүрмеген асау Жармұхамедовті «жуасытпақ» пиғылмен Гомельский бетін теріске бұрды... «Әлжан, әлі өкінетін боласын. Сан саңлақ ЦСКА-ның есігінен сығалай алмай жүр. Сен болсаң, басына қонған бақты тептің...» деп шытынап, тісін шықыратты. Онымен қоймай Мексика Олимпиадасына аттанып бара жатқан ел құрамасының тізімінен мұның аты-жөнін сызып тастады. Басқа да белділі жарыстардың маңайын бастырмады.

Гомельскийдің қуғын-сүргіні одан соң да тоқтамады. ЦСКА-ға алу үшін әскер қатарына шақырты. Әбден зөрепаз болған Әлжан Алматыға қашты. Өкінішке қарай, мұндағылар «жаны қысылып, жақынның іздеген» жампозды паналата алмады. Одақтың ортақ зандарына

сүйенген өзбектер бізден тартып әкетті.

«Айналырған ауру алмай қоймайды» екен. ЦСКА ақыры Ә.Жармұхамедовті алып тынды. Қорғаныс министрлігінің орынбасары, маршал Соколовскийдің пәрменімен... Бұлжымай орындалатын әскери бұйрық бұл қанша бұлқынғанмен бұлтартпады. Сөйтіп, 1969 жылдың күзінде әлгі Гомельский әзіл-шыны араластырып айтқандай, «Жармұхамедов Ташкенттен жалаң аяғына кебісін киіп, Мәскеуді бағындыруға келді».

Былай қарағанда, Мәскеу бұған бәрін берді. Атақ-данқы аспандады. Одақтың, Еуропаның, әлемнің дүбірлі додаларында топ жарды. 1972 жылы Мюнхен Олимпиадасында командаластарымен бірге аты шулы Американы финалда жеңіп, айды аспанға шығаратындары өз алдына бөлек тарих. Оның бәрін тізіп шығу үшін әжептәуір уақыт керек. Мерейтойларында президент пен премьер құттықтады. Өз мектебін ашты.


Ағам бәрібір ана жаққа көңіліндегі көксеулі арманын арқалай кетті...

Ол бірде онаша отырғанда маған «Сен білесің бе, Мәскеуде қырық жыл тұрсам да сіңбедім. Бір түрлі бөтен... Адам жасы ұлғайған сайын өзінің алтын бастауларын іздейді екен. Әйтеуір күн жылып, қары ери бастаған шақта көкірек сыздап, әлдене жетпегендей әрі-сәрі күйге түсемін. Түсімде ылғи Табақсайымды көремін. Сосын мәселенің мәнісін түсіне қоямын да, Ташкенттің пойызына отырып тартып кетемін. Содан ағайын-туғанның, Шыршықтың суына бірге шомылған бала күнгі достарымының ортасында алаңсыз аунап-қунаймын. Сөйтіп, Мәскеудің мезі қылар у-шуынан бір демаламын».

Ұмытпасам, үш ұмтылып, Алматыға жете алмады. Тіпті Қонаевтың көмекшісі Дүйсетай Бекежанов та бұл мәселемен бел шешіп айналыса да ретін келтіре алмады. «Қайтейін, айналып табар қазығымды қаға алмай кеткенім өзегімді өртейді» деп ағынан жарыла ақтарылғаны жадымда жиі жаңғырады.

Ал енді бар ма, марқұмның қазақтығы керемет болатын. Ілгеріде іссапармен Астанаға келген әдебиеттану білгірі Мұхамедрақым Жармұхамедовпен әңгімелескеніміз есте. Айтуынша, Әлжандармен Табақсайда көрші тұрыпты. Бірде бұл кісі екі ұлын өзбек молдасын шақырып, сүндетке отырғызыпты. Содан шаруасын бітіріп үйіне қайтуға беттеген молдекеңнің шалғайына Әлжан жатып жармасып, өзін мұсылман жазап кетугін өтініпті. Алайда заң-зәкүннен қорыққан, оның үстіне әке-шешесінің рұқсатын алмағандықтан молдекең тартына беріпті. Соны байқаған Мұқанның анасы айқай салыпты. «Ау, молдеке, ана баланың меселін неге қайтардың? Әлде бәрің орыс келіннен қорқып тұрсындар ма? Жауабын өзім берем. Кәне, екі немеремнің жанына жатқызындар...». Дәл осы кезде Әлжанның шешесі ауруханада емделіп жатса керек.

– Тағы бір қызығын айтайын бұл Әлжанның, – деп Мұхамедрақым көкеміз екінші бір әңгіменің шет жағасын шығарған еді сол жолы. – Бірде Мәскеуге бардым. Содан Әлжанның



пәтеріне телефон соқтым. Баяғы бала күнінен білемін ғой. Таксилетіп мені бірден үйіне апарды. Обалы нешік, Лариса келінім келістіріп ет асты. Етке тойған соң інім екеміз өткен-кеткенді еске алыстық. Мүсірбек әкесі жоқты жонып тапқандай шебер болатын. Біздің үйді сол ағамыз салып берген. Мен онда ауылдағы мектептің директорымын. Сөз арасында, «Әй, осы сенің жүлделерің көп деп естиміз. Көрсетші» дедім бойымды әлдебір әуестік билеп. Көрсетті. Өлшенсе өзімен кетсін, тура жарты қап темір-терсекті алдыма тастағанда таңданыстан басымы шайқай беріппін ғой. Тұн ортасы ауа жастыққа бас қойғанымыз сол еді, кіші ұлын көтеріп әкеп, менің қойныма жатқызды. Онысы бейтаныс қонақты жағтырқап, қарсылық білдіргендей сынай танытып еді, баласын басына сипап отырып, менің өздеріне жақындығым барын, кешегі атасы мен әжесінің көзін көрген адам екенімді түсіндіріп еді, әлгі айналайын кішкентай Жармұхамедовтің көне кеткені... Солай...

Ал енді Әлжанның қазақтығына мін тағып көр, бұдан кейін...

Жаманат хабарды естігелі бері екі күнде енесегей бойлы (2 метр 7 сантиметр) ер мінез ағаммен болған төрт-бес кездесудің сауеллі сәттері көз алдыма қайта тірілгендей күй кештім. Жарықтық, өте сауатты һәм мәдениетті жан еді. Оқыған-тоқығаны өте көп. Илияс Есенберлиннің «Көшпенділерін» аузынан тастамайтын. Астанаға келгенде мен оған Олжас Сүлейменовтің таңдамалысын сыйға тарттым. Сөйтсем ол Олжекеңді білетін болып шықты.

Спорттың үлкен жанашыры Мүсілім Дайырбековтің мерейтойында танысыпты. «Қазақшасы менен сәл нашарлау екен» деп қағытқанын қайтерсің.

Ол Отанын сүйді. Өзінің қазақ екенін мақтан тұтатын. «Тұңғыш па, әлде тоқсан тоғызыншы Олимпиада чемпионымын ба, маңызды емес. Ең бастысы, қазақ екенімді ұмытпасаңдар болған» дегенде көңілім босап, көзім жасаурағанын қайтіп ұмытпайын.

Айтпақшы ағаның ауырып қалғанын естіп, жазда телефон шалғанымда дауысы әдеттегіден бәсеңдеу естілді. «Ештеңе етпес, күресіп бағамын» деді. Ең соңғы сөйлескеніміз сол. Құнтсыздықты қойсаңшы бұл. Кеше ғана көрдім. Қалай байқамай қалғам. Маған WhatsApp арқылы Қазақстан баскетболының қазіргі ахуалы, оны жақсарту жолдары туралы пікірін жазып жіберіпті. Жерлестерінің осынау спорт саласындағы аяқ-алыстарын үнемі назарда ұстайтынын, көп нәрсеге көңілі толмайтынын, жасөспірімдер құрамасының қайдағы бір орта қолдан төмен елдердің командаларына ойсырай ұтылатынын жанына қатты бататынын ашына жазыпты, жарықтық.

Саңлақтың соңғы самғауы еді бұл. Көрдіңіз бе, қайран ағам екі дүниенің ортасында жатып та, артындағы қалың елі қазағының қамын қалай жейді? Қазақтың қаны бойында тулап жатпаса, өстер ме еді?!

...Жұлдызы жат жұртта жанған жақсы ағамның жатқан жері жайлы болғай...

Т.БАТЫРХАН,
журналист

АЛМАТЫҒА МЫҚТЫЛАР ЖИНАЛАДЫ

25-30 ЖЕЛТОҚСАН АРАЛЫҒЫНДА АЛМАТЫДАҒЫ БАЛУАН ШОЛАҚ АТЫНДАҒЫ СПОРТ САРАЙЫНДА ШАХМАТТЫҢ РАПИД ЖӘНЕ БЛИЦ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША КЕЗЕКТІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖАЛАУЫ ЖЕЛБІРЕЙДІ. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЕДЕРАЦИЯ ТАРАТҚАН ДЕРЕККЕ СҮЙЕНСЕК, БҰЛ ЖАРЫСТА ЖЕР-ЖАҒАНЫҢ ӨР ҚИЫРЫНАН ЖИНАЛҒАН 250-ГЕ ТАРТА ОЙЫНШЫ БАҚ СЫНАЙДЫ.

Алатау баурайында өтетін дүбірлі долада өнер көрсететіндер арасында атағы алысқа жайылған шахматшылардың қалың шоғыры бар. Солардың арасынан Магнус Карлсен (Норвегия, рейтингтегі ұпай саны – 2859), Хикару Накамура (АҚШ, 2768), Фабиано Каруана (АҚШ, 2766), Ян Непомнящий (ФИДЕ, 2793), Аниш Гири (Нидерланд, 2764), Александр Гришук (ФИДЕ, 2745), Шахрияр Мамедьяров (Әзербайжан, 2740), Максим Вашье-Лаграв (Франция, 2737), Ян-Кшиштоф Дуда (Польша, 2729) және Ю Яньиді (Қытай, 2728) бөле-жара атап өтуге болады. Әйелдер сайысында Александра Горячкина

(ФИДЕ, 2584), Катерина Лагно (ФИДЕ, 2563), Хампи Конеру (Үндістан, 2572), Александра Костенюк (ФИДЕ, 2520), Тан Чжунъи (Қытай, 2518), Нана Дзагнидзе (Грузия, 2517), Харика Дронавалли (Үндістан, 2507), Жансая Әбдімәлік (Қазақстан, 2496), Сарасадат Хадемальшарих (Иран, 2490), Антоанета Стефанова (Болгария, 2442) және Бибисара Асаубаева (Қазақстан, 2440) шеберлік байқасады.

Спорттық шежіренің сарғайған беттерін ақтаратын болсақ, рапидтен әлем чемпионаты алғаш рет 1988 жылы Мексиканың Масатлан қаласында ұйымдастырылды. Бұл бәсекеде КСРО-ның



даңқты шахматшысы Анатолий Карповтың мерейі үстем болды. Кейін түрлі себептерге байланысты аталған дода өтпей қалды. Тек 2001 жылы өз жалғасын тапты. Сол маусымдағы тартыс ресейлік Гари Каспаровтың жеңісімен аяқталды. Одан кейінгі бәсекелерде Левон Ароян (Армения, 2009), Гата Камский (АҚШ,

2010), Сергей Карякин (Ресей, 2012), Шахрияр Мамедьяров (Әзербайжан, 2013), Василий Иванчук (Украина, 2016), Даниил Дубов (Ресей, 2018) және Нодирбек Абдусатторов (Өзбекстан, 2021) сынды саңлақтар бас жүлдені олжалады. Ал норвегиялық Магнус Карлсен (2014, 2015, 2019) үш мәрте тендессіз деп танылса,

үндістандық Вишванатан Ананд (2003, 2017) екі рет дәл сондай құрметке бөленді. Әйелдер арасындағы сайыста Антоанета Стефанова (Болгария, 2012), Кристина Лагно (Ресей, 2014), Анна Музычук (Украина, 2016), Пзюй Вэньцзюнь (Қытай, 2017, 2017), Хампи Конеру (Үндістан, 2019) және Александра Костенюк (Ресей, 2021) бағы жанды.

Блицтен ұйымдастырылған жарыстың алғашқы жеңімпазы – КСРО өкілі Михаил Таль. Ол 1988 жылы жалауы желбіреген жарыста алдына жан салмады. Блиц ойынында да Магнус Карлсеннің өзгелерден шоқтығы әлдеқайда биік. Скандинавиялық саңлақ бес мәрте (2009, 2014, 2017, 2018, 2019) чемпиондық атаққа қол жеткізді. Ресейлік Александр Гришук (2006, 2012, 2015) үш турнирде қарсылас шақ келтірмеді. Сондай-ақ әр жылдары Василий Иванчук (Украина, 2007), Леньер Домингес (Куба, 2008), Левон Ароян (Армения,

2010), Ле Куанг Льем (Вьетнам, 2013), Сергей Карякин (Ресей, 2016) және Максим Вашье-Лаграв топ жарды. Әйелдер бәсекесінде Валентина Гунина (Ресей, 2012), Анна Музычук (Украина, 2014, 2016), Нана Дзагнидзе (Грузия, 2017) және Катерина Лагно (Ресей, 2018, 2019) дара шықты.

Былтыр Польшаның астанасы – Варшавада өткен әлем чемпионатында 17 жастағы Бибисара Асаубаева блицтен бас жүлдені олжалап, күллі қазақстандық жанкүйерлерді қуаныш пен шаттыққа бөлеген еді. Сол жарыста әлемнің ең белді ойыншыларының өздері қазақ қызына жарытып қарсылық көрсете алмады. Осылайша, ол шахматтың осы түрінен ең жас әлем чемпионы ретінде өз есімін тарихта қалдырды. Ал соның алдында ғана Бибисара рапидтен өткен жарыста күміс медальды иеленген еді. Сол жеңісті жол Алматыда да жалғасын табады деп үміттенеміз.

ТЕПЕРЬ ИХ ТРОЕ!

ПЕРЕПИСАНА ВЕЛИКАЯ ИСТОРИЯ БОЛЬШОГО ФУТБОЛА

МЕССИ ВОШЕЛ В ПАНТЕОН ВЕЛИКИХ. ПЕЛЕ, МАРАДОНА И МЕССИ. ТЕПЕРЬ ЭТИ ТРИ ФАМИЛИИ НУЖНО ПРОИЗНОСИТЬ ВМЕСТЕ. К ЭТОМУ ПРИДЕТСЯ ПРИВЫКНУТЬ. И ЕСЛИ РАНЬШЕ НАЗЫВАЛИ ПЕЛЕ И МАРАДОНУ, А ЗАТЕМ КАЖДЫЙ СВОЕГО – ЗИДАНА, БЕКХЭМА, ЯШИНА, КРОЙФА, БЕККЕНБАУЭРА, ТО ТЕПЕРЬ БЕССПОРНЫХ ИМЕНИ ТРИ, А ОСТАЛЬНЫЕ БУДУТ УЖЕ У КАЖДОГО СВОИ.

Причем, Месси входил в пантеон действительно большим финалом, в котором было забито шесть голов. Мы начинаем привыкать к голевым финалам и разговоры о том, что в решающих матчах не бывает много голов становятся избитым штампом из прошлого. Второй финал чемпионата мира подряд подарил нам шесть забитых мячей. И из двенадцати голов двух финалов четыре, то есть ровно треть, забил Киллиан Мбаппе.

Лучшего сюжета было не придумать. Месси выигрывает чемпионат мира, становится лучшим игроком, однако хет-трик в финале сделал Мбаппе, который к тому же стал лучшим бомбардиром турнира. До этого хет-трик в финале был только один. Его сделал англичанин Джефф Херст в финале ЧМ-1966 года в ворота сборной ФРГ. Причем, один его гол – тот самый фантом, засчитанный советским боковым арбитром Тофиком Бахрамовым.

Так что король Месси и принц Мбаппе стояли после финала рядом – лучший игрок чемпионата мира и его лучший бомбардир. Таким образом, футбол официально зафиксировал смену эпохи. Посмотрим, кто будет в ней главными – Мбаппе, Холанд, Хвичя или кто-то другой. Тем и хорош футбол, что мы заранее не знаем ничего, а любой прогнозист будет посрамлен.

Ворота перед Месси в пантеоне великих открыл защитник аргентинцев Гонсало Монтель. Он привез пенальти в дополнительное время, но судьба распорядилась так, что в послематчевой серии именно его удар оказался решающим.

Наверное, в эти мгновения радовался весь мир, кроме французов и Криштиану Роналду. Он мог быть на месте Месси и явно этого хотел,

но теперь ему в истории предстоит остаться в тени аргентинца. Их перестанут сравнивать. Как, например, никто не сравнивает с Марадоной Мишеля Платини или даже Пеле с Гердом Мюллером, хотя и у француза, и у немца были замечательные карьеры.

А ведь секрет победы Месси над Криштиану Роналду в том, что футбол командный вид спорта. Аргентинец стал играть на команду. Молодой тренер Лионель Скалони смог построить команду вокруг тезки. И вот у критикуемого и считающегося многими посредственным специалиста теперь три титула – Кубок Америки, Финалissima и вот теперь Кубок мира. У португальца Фернанду Сантуш только один титул – чемпиона Европы. И он не смог интегрировать в команду Криштиану Роналду, который, кстати, травмировался и в финале Евро-2016 не играл. Правда, и сам КриРо не хотел быть частью команды, про таких говорят, что он себя в футболе любит больше, чем сам футбол.

Сборная же Аргентины вообще удивительна и уникальна для мирового футбола. Столько было нелепых разочарований, когда у нее были действительно могучие составы, а два из своих трех титулов чемпиона мира она выиграла, когда в команде был один великий игрок и все остальные. И теперь нет никаких сомнений, что Месси встал в один ряд с Марадоной.

Сборная Франции была как раз с могучим составом с большим тренером Дидье Дешамо. И она могла стать великой командой, встав в один ряд с Италией и Бразилией, которые дважды подряд выигрывали чемпионаты мира. И надо сказать, что французы этого заслужили. Хотя бы тем, что, потеряв Карима Бензема,



Преснела Кимпембе, НГоло Канте и Поля Погба она дошла до финала, где совершила удивительный камбэк. Причем, тогда, когда на поле вышли игроки не второго, а даже третьего эшелона. То есть когда не пошло у Гризманна и Жиру, нашлись футболисты, которые дотащили команду до серии пенальти – Тюрэм и Коло Муани. Я смотрел финал в стриме с тренером золотой олимпийской сборной СССР 1988 года Гаджи Гаджиевым, и он одобрил замены Дешама в самом конце первого тайма. И действительно ведь сработало...

Франция не стала великой сборной исключительно потому, что победителем мог быть только один. И ставки в этом финале были самыми высокими, может быть, во всей истории чемпионатов мира. Получается, что футбольный бог решил расширить пантеон не великих сборных, а великих игроков. Причем, он думал

буквально до последнего. Не зря же все закончилось серией пенальти. Значит, он посчитал, что футболу не хватает личностей. И ведь действительно в XX веке мир увидел двух великих футболистов, а в XXI пока только одного.

Мне бы хотелось, чтобы чемпионат мира выиграла команда, которая никогда не владела титулом. Элитный клуб должен расширяться. Но нельзя стать чемпионом мира случайно. Чемпионат Европы выигрывали андердоги – Дания и Греция, а вот в истории чемпионатов мира такого не было никогда, хотя по составу участников многие считают Евро сильнее, чем первенство планеты. Для того, чтобы стать чемпионом мира нужно пройти большой путь, для которого не хватит одного тренера и одного поколения футболистов. Вот поэтому блестящее поколение хорватов с двух попыток ни разу не взяло золото.

Зато мир увидел финал, в котором многие поклонники футбола не из Франции или Аргентины не знали, за кого болеть. Ну разве можно расстроиться таким финалом, даже если ты всегда был за Францию? Я первый тайм смотрел в футболке европейской сборной, а второй, дополнительное время и серию пенальти в аргентинской с автографом Марадоны. И я знал, что не расстроюсь при любом исходе.

Наверное, чемпионатов мира зимой мы больше не увидим, слишком уж он разрывает футбольный сезон. Поэтому 2022 год принес много событий тяжелых и трагичных, однако попытался компенсировать их прекрасным и уникальным рождественским подарком в виде запоминающегося на всю жизнь финала и первого в этом веке пополнения пантеона великих.

«Советский спорт»

ГЛАВНЫЕ ПОБЕДЫ КАЗАХСТАНСКИХ СПОРТСМЕНОВ

КАЗАХСТАНСКИЕ СПОРТСМЕНЫ ПРОДОЛЖАЮТ ЗАВОЕВЫВАТЬ НАГРАДЫ НА МЕЖДУНАРОДНЫХ СТАРТАХ. РАССКАЗЫВАЕМ О САМЫХ ЗНАЧИМЫХ И ЯРКИХ ПОБЕДАХ НАШИХ СООТЕЧЕСТВЕННИКОВ ЗА ПРОШЕДШИЕ СЕМЬ ДНЕЙ.

Шорт-трек. В Алматы завершился этап Кубка мира по шорт-треку. Казахстанец Денис Никиша завоевал «золото», также он смог отметить бронзовой медалью.

Конькобежный спорт. Надежда Морозова завоевала бронзовую медаль на четвертом этапе Кубка мира в Канаде.

Тяжелая атлетика. Нургиса Адилетулы завоевал серебряную медаль на чемпионате мира в Колумбии. Он стал вторым в весовой категории до 96 килограммов.

Фристайл-акробатика. Аяна

Жолдас принесла Казахстану «бронзу» на этапе Кубка Европы в Финляндии.

Биатлон. Вадим Куралес стал вторым на IBU Junior Cup в Италии. Также необходимо отметить результат Арины Крюковой, которая вошла в пятерку сильнейших на данном турнире.

Хоккей. Казахстан занял второе место на молодежном чемпионате мира по хоккею. Однако этот результат не позволил нашей команде пробиться в элитный дивизион мирового первенства.



ВСТРЕТИЛСЯ С КОМАНДОЙ КАЗАХСТАНА ПО ШОРТ-ТРЕКУ

МИНИСТР КУЛЬТУРЫ И СПОРТА ДАУРЕН АБАЕВ ПОСЕТИЛ ОФИЦИАЛЬНУЮ ТРЕНИРОВКУ НАЦИОНАЛЬНОЙ СБОРНОЙ ПО ШОРТ-ТРЕКУ В ПРЕДВЕРИИ ЧЕТВЕРТОГО ЭТАПА КУБКА МИРА В АЛМАТЫ И ВСТРЕТИЛСЯ СО СПОРТИВНЫМ ДИРЕКТОРОМ ПО КОНЬКОБЕЖНОМУ СПОРТУ МЕЖДУНАРОДНОГО СОЮЗА КОНЬКОБЕЖЦЕВ ХУГО ХЕРНХОФТОМ И ЧЛЕНОМ СОВЕТА МЕЖДУНАРОДНОГО СОЮЗА КОНЬКОБЕЖЦЕВ СУВАННОЙ СИЛЬПА-АРЧА.

Отметим, что завтра в Алматы стартует IV этап Кубка мира по шорт-треку. Соревнования будут проходить 16-18 декабря в ледовом дворце «Халық Арена». Участие будут принимать лучшие спортсмены из 27 стран мира, в числе которых Олимпийский чемпион Стивен Дюбуа (Канада), чемпионка Олимпийских игр и четырехкратная победительница чемпионата мира Чой Минджонг (Южная Корея), семикратная чемпионка мира из Нидерландов Сюзанна Шултинг и многие другие.

Честь нашей страны защищают 12 спортсменов национальной сборной: Абзал Ажгалиев, Денис Никиша, Адиль Галиахметов, Еркебулан Шамуханов, Нуртилек Кажгали, Мерсаид Жаксыбаев и Яна Хан, Ольга Тихонова, Мадина Жанбусинова,

Алина Ажгалиева, Анастасия Астраханцева, Малика Ермек.

«За последние годы наша сборная заметно укрепила свои позиции в мировой элите. На этапах Кубка мира и крупных международных стартах наши спортсмены регулярно завоевывают медали. Учитывая все это, Международный союз конькобежцев ISU доверил нам в сезоне-2022/23 провести сразу два этапа Кубка мира подряд. Это хороший опыт как в части организации, так и для самих спортсменов. Поэтому хочу пожелать, чтобы домашние старты принесли вам удачу! Новых побед!», – сказал Даурен Абаев.

Спортсмены в свою очередь поблагодарили министра за оказанную поддержку и отметили рост

популярности шорт-трека среди детей и молодежи.

«Министерство культуры и спорта оказывает полноценную поддержку сборной Казахстана по шорт-треку, содействуя в организации качественных тренировок, приобретении спортивного инвентаря, обеспечении учебно-тренировочных сборов и участия на всех международных стартах», – отметили в Федерации конькобежцев Казахстана.

К слову, первый этап Кубка мира состоялся в Монреале (Канада), где наши спортсмены смогли завоевать серебряную медаль в мужской эстафете на 5000 метров. Второй этап принял Солт-Лейк-Сити (США), на котором наши атлеты завоевали три медали. На третьем этапе в Алматы серебряную медаль на дистанции 500 метров оформил Денис Никиша. После четвертого этапа соревнования в декабре, шорт-трекисты отправятся в Дрезден (Германия). А решающий и финальный этап в этом сезоне состоится в городе Дордрехт (Нидерланды).

Полосу подготовила – Сауле МЕНДЫКУЛОВА



ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАҒАҢДАР КЕЗ КЕЛГЕН ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚТЫ

ӘЛЕМДЕ АЛАШ ЖҰРТЫНЫҢ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТЫП ЖҮРГЕН СПОРТ САҢЛАҚТАРЫ АЗ ЕМЕС. ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН БЕРІ ЕЛІМІЗ ТҮРЛІ СЫНАҚТАН ӨТТІ. СОҒАН ҚАРАМАСТАН ҚАЗАҚСТАН ӨЗ АЛДЫНА ДЕРБЕС МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ЖЕТІ РЕТ (1996-2020 ЖЫЛДАРЫ) ЖАЗҒЫ ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСЫП, ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҒЫ 72 МЕДАЛЬ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 15 АЛТЫН, 21 КҮМІС ЖӘНЕ 36 ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ.

Егемен ел болғаннан бері боксшыларымыз Ермахан Ыбрайымов, Бекзат Саттарханов, Серік Сәпиев, Данияр Елеусінов, жеңіл атлет Ольга Шишигина, велошабандоз Александр Винокуров, жүзуден Дмитрий Баландин сынды саңлақтарымыз Олимпиада тарихына алтын әріптермен жазылды. Бұл жеңістің барлығы ел тәуелсіздігінің және мемлекеттің спортқа ерекше көңіл бөлген сындарлы саясатының арқасында келгені анық. Осындай толағай табыстардың ар жағында шәкірттерін қырандай баптап, аламанға қосқан жүздеген бапкердің еңбегі жатқаны сөзсіз. Спортшылардың шеберлігін жоғары деңгейге көтерген жаттықтырушылардың арқасында халықаралық жарыстарда елдің Әнұраны сан рет орындалып, көк туы желбіреді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары экономикалық жағдай мықты болмағанымен, Қазақстанды төрткүл дүниеге танытатын спорттың дамуына, спортшылардың дүбірлі жарыстарда атой салуына

мемлекетіміз барынша қолдау көрсете білді.

Жақында Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері және олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионаттарының жеңімпаздары, сондай-ақ еңбегі сіңген жаттықтырушылардың өмір бойы алатын ай сайынғы төлемақы мөлшері ұлғайды. Енді жеңімпаз спортшылар мен олардың жаттықтырушылары ай сайын 318 мың теңгеге дейін төлем алады. 2022-2024 жылдарға арналған ауқымды жобаға мемлекеттен 1,3 млрд теңге бөлінді. Спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қолдау төлемдері – республиканың заңымен арнайы бекітілген тұңғыш жоба.

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың айтуынша, төлемді арттыру спортшылар мен жаттықтырушыларды спортта жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ынталандырады.

«Қазақстанда Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада



ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерін, олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпиондары атағына ие болған спортшыларға және олардың жаттықтырушыларын қосқанда барлығы 150-ге жуық адам осындай төлем алады. Олардың қатарына Ермахан Ыбрайымов, Ольга Рыпакова, Геннадий Головкин, Юлия

“ РЕСЕЙДЕ ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНДАРЫ КАРЬЕРАСЫН АЯҚТАҒАННАН KEЙІН АЙЫНА 52 МЫҢ РУБЛЬ АЛАДЫ. БҰЛ ШАМАМЕН – 385 000 ТЕНГЕ. КҮМІС ЖӘНЕ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ – 39 ЖӘНЕ 30 МЫҢ РУБЛЬ. АЛ ИНДОНЕЗИЯДА ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫНА БІР РЕТТІК СЫЙАҚЫ – 346 000 ДОЛЛАРДЫ ҚҰРАСА, ӘРІ ҚАРАЙ ӨМІРІНІҢ СОҒЫНА ДЕЙІН СПОРТШЫ 1400 ДОЛЛАР СТИПЕНДИЯ АЛЫП ОТЫРАДЫ. АҚШ-ТА ЖАҒДАЙ ТЫМ БӨЛЕК. ОЛАРДА NHL, MLS, NBA СЕКИЛДІ ЛИГА ЧЕМПИОНАТТАРЫ ӨЗ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ЖЫЛЫНА 65 000 ДОЛЛАРДАН ЖОҒАРЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕЙДІ.



Галышева және тағы басқа атақты спортшылар мен бапкерлер енеді», дейді министр.

Министрдің айтуынша, бұл төлем бастапқыда 24 АЕК (76 380 теңге) шамасында болып, жылдар бойы өзгеріссіз қалған. «Биыл Үкіметте Мәдениет және спорт министрлігінің ұсынысы қолдау тауып, ай сайынғы қамтамасыз ету көлемі 100 АЕК-ке (318 000 теңге) дейін өсті. Бұл төлемді алу үшін спортшылар мен жаттықтырушылардың спорт саласында кем дегенде 20 жылдық жұмыс өтілі болуға тиіс», деді ол.

Бокстан Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Сидней Олимпиадасының жеңімпазы Ермахан Ыбрайымов берілетін соманың үш-төрт есе көбеюі ел намысын абыроймен қорғаған саңлақтарға көрсетілген құрмет деп есептейді.

«Мәдениет және спорт министрлігінің бұл бастамасы өте дер кезінде қолға алған дүние. Мұндай қаражатты алып отырған спортшылар, осы салада жүрген қызметкерлер немесе шәкірт тәрбиелеп отырған бапкерлер енді өз жұмысын алаңсыз атқарады. Мұндай қадам біздің жас спортшыларымызды да жігерлендіреді. Әсіресе жаттықтырушылар үшін үлкен қолдау болды», деді Олимпиада жеңімпазы.

Олимпиада чемпионы Ольга Шишигинаның айтуынша, кезінде ол Мәжіліс депутаты ретінде осы мәселені бірнеше рет көтерген.

«Біз бұған дейін аталған мәселені көтергенімізбен, еш нәтиже шықпады. Енді Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен Олимпия ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін ай сайынғы қамтамасыз ету көлемін 100 АЕК-ке дейін арттырды. Бұл – спортшылар үшін үлкен қолдау. Еңбекті бағалағаны үшін елімізге алғыс айтамыз», деді ол.

Ал грек-рим күресінен Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері Нұрбақыт Теңізбаев болса, мұндай қолдау бапкерлерге ғана емес, спортшылар үшін де тиімді дейді.

«Әр ел спортшыларын өз деңгейінде қолдайды. Мұндай тәжірибе Ресей, АҚШ, Қытай, тіпті Қырғызстанда да бар. Мәдениет және спорт министрі Дәурен Әскербекұлының бастамасымен жүзеге асқан бұл бағдарлама өміршең болса деймін. Бұл тек бапкерлерге ғана емес, спортшылар үшін де тиімді. Себебі бүгінгі спортшы – ертенгі бапкер, спорт функционері. Олар енді әлем чемпионаты мен Олимпиадада олжа салса, келешекте мемлекеттің қолдауына ие болатынын біледі», дейді күміс жүлдегер.

Спортшыларға стипендия тағайындау тәжірибесі әр елде әртүрлі. Ресейде Олимпиада чемпионының карьерасын аяқтағаннан кейін айына 52 мың рубль алады. Бұл шамамен – 385 000 теңге. Күміс және қола жүлдегерлердің жалақысы – 39 және 30 мың рубль. Ал Индонезияда Олимпиада чемпионына бір реттік сыйақы – 346 000 долларды құраса, әрі қарай өмірінің соңына дейін спортшы 1400 доллар стипендия алып отырады. АҚШ-та жағдай тым бөлек. Оларда NHL, MLS, NBA секілді лига чемпионаттары өз ардагерлеріне жылына 65 000 доллардан жоғары зейнетақы төлейді.

Мына жерде бір деректі келтіре кетсек. Еліміз Олимпиада чемпионы мен жүлдегерлеріне төлейтін сыйақы мөлшерлемесі жағынан әлемде үздіктер қатарына кіреді. Бүгінде Олимпиада чемпионы атанғандар – 250 000 күміс жүлдегер – 150 000, қола жүлдегер 75 000 долларды иемденеді. Оған облыстан берілетін пәтер кілті мен автокөлікті қосыңыз. Ал Олимпиада чемпионына ең көп төлейтін ел Гонконг – 642 000 АҚШ доллары.

Әлемдік додада Қазақстанның көк байрағын биік тұғырдан желбіреткен сайыпқырандарымыз қазақ спорты тарихында алтын әріппен жазылары сөзсіз. Сондықтан еліміздің атын асқақ биікке көтерген осындай чемпиондарға қандай құрмет пен қошемет көрсетсе де жарасады.

Заңғар КЕРІМ

● **МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ – «Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС**

Мәулетхан АҚСАНОВ – Директор
Алмас ӘБДІКЕРІМҰЛЫ – Бас редактор

Мәдина АСЫЛБЕК – Бас редактордың орынбасары
Бек ТӨЛЕУ – жауапты хатшы
Оңдасын ЕЛУБАЙ – ШҚО-дағы меншікті тілші
Едіге ОРАЗ – тілші
Әділбек ҒАДЫЛ – менеджер
Зүлфия ЖҰМАҒҰЛ – есепші

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы

Байланыс тел.: +77023840194

Алматы қаласында: Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.
Тел.: 8/727/3784200, 3784202

• Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3783646, 3784010

- Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
- «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
- Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Жазылу индексі – 64190
- Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г
- Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г.